

**Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының докторанты Еспенова Айгерим Турсыновнаның «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» тақырыбындағы 6D041600-Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін алу үшін ұсынылған докторлық диссертациясына ғылыми жетекші ПІКІРІ**

Еспенова Айгерим Турсыновна «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» атты ғылыми диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан сәндік-қолданбалы өнерін өнертанушылық зерттеуге арналған. Қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің генезисі тереңнен басталған өнер түрі. Оны зерттеудің көкейкестілігі бүгінгі заманауи кезеңде де өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Бүгінгі күні заманауи дамып, көркейіп, дәстүр мен жаңашылдықтың сабактастығын орнатқан төл өнеріміздің бірі. Ізденуші А.Т. Еспенованың диссертациялық жұмысының көкейкестілігі заманың талабынан туындаған өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Автор өзінің зерттеулері арқылы қазақ өнеріне теориялық зерттеулер арқылы өнердің курделі мәселелерін шешуге өзіндік үлес қосады.

Сәнді-қолданбалы дәстүрлі өнер бүгінгі күнге дейін жан-жақты зерттеліп жатқанымен, бұл диссертациялық зерттеуде тақырыптың дәстүр мен жаңашылдық сабактастығы өнертанушылық, мәдени-философиялық ракурстар қарастырылған. Тәуелсіздік кезеңі ұлттық өнерімізді жан-жақты зерттеуді міндет етіп қойған мемлекетік бағыт болып отыр. Тәуелсіздік кезеңінде ұлттық өнеріміздің жанданып, дамуының жаңа қырлары, заманауи постмодернизммен де тұспа-тұс келгендейдіктен, заманауи өнердегі дәстүр сабактастығы ұлттық өнердің негезисінен қарастырылады. Бұл сәндік-қолданбалы өнерге тарихи салыстырмалы, семиотикалық, генезистік талдаулар арқылы зерттеліп, өнерді өз табиғатынан қарастыруға мүқіндіктер туғызыды.

Ғылыми ізденуші А. Т. Еспенова диссертациялық зерттеуінде шетелдік, отандық ғалымдардың еңбектерін кеңінен пайдаланған, заманауи кезеңдердегі өнерді зерттеудің әдістемелерін тиімді пайдаланады. Сонымен қатар, сәндік-қолданбалы өнерінің практир суретшілердің шығармашылық жұмыстарына, жекелеген өнер туындыларына талдаулар жасау арқылы, сәндік-қолданбалы өнердегі дәстүр мен жаңашылдықтың сабактастығын нақта дәлелдермен көлтіреді. Диссертациялық жұмыстың әрбір бөлімдері мен бөлімшелерінің логикалық бірізділігі, тараушалардың ішкі логикасымен бірізді байланыс тапқан.

Заманауи сәндік-қолданбалы өнердің көркем тілінің уақыт пен кеңестікке қатысты сабактастығы, заманауи интерпретациялануы айқындалған. Айтальық, сіндік-қолданбалы өнердегі өркентердің заманауи

өнерде жеке картина ретінде бейнелеуі оның көркем тілінің уақыт пен кеңістікке қатысты өзгеруінен айқындалған. Осыған қатысты ою-өрнектің түрлері мен көркемдік пішіндеріне семотикалық талдаулар жасалып, олардың пішіні мен мазмұнының заманауи өнердегі көрінісі суретшілердің туындылары арқылы талданған. Сонымен қатар, өнер қоғамдық санаға әсер етуші, сананы қайта жаңғырушы фактор ретінде қарастырылған. Осы тұрғыда қазақ сәндік-қолданбалы өнеріндегі эстетикалық құндылығы және оның заманауи өнердегі ұлттық құндылықтармен қатыстылығы философиялық-эстетикалық талдаулармен айқындалды. Б.Заурбекова, Д. Шоқпаров, А.Иханова мен Ж. Үмбетов, Б. Бейсбеков, С. Бұлтрикова, Н. Қалиевтердің шығармалары, олардың заманауи материалмен жұмыстарына, көркем тіліне өнертанушылық талдаудар, қазақ сәндік-өнерінің бағытын айқындауға көмектескен.

С.Баширов, А.Мұқажанов, С.Рысбеков, М.Қалилаев, Л.Шкляев, А.Қадырбаев сынды зергерлердің туындылары дәстүрлі зергерлік өнерді заманауи дамуына үлес қосқан зергерлер және олардың туындыларындағы жаңашылдық диссертациялық жұмыста терең зерттелген. Олар заманауи зергерлік өнерге жаңаша көркем бағыт қалыптастырған зергерлер ретінде айқындалған.

Сәнді-қолданбалы өнердегі тұрақты қалып ретінде қарастырылатын, ою-өрнектердің қалыптасу негізінде сакральді-культтің жатқаны айқындалды. Сәнді-дәстүлі өнердегі өрнектер мәдениет коды ретінде қарастырылған, оның элементінің пайда болу себебін ашу арқылы ұлттың бірегейлігік мәселесі айқындалған. Халықтың көркем шығармашылығы қалыптастырған мотивтер мен бейнелер, ұлттық стильді дамытуға замануи сәндік-қолданбалы көркем тілдің, тақырыптық-сюжеттік бағытының генезисі тереңнен бастау алған және олардың тәуелсіздік жылдардағы көркем өнерге қосқан үлестері, замануи көркем тілді қалыптастыруы зерттеу жұмысында терең зерттелген. Олардың тұрақты қалыпқа еніп, рәміздерге айналуы дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнердегі тұрақты мотивтер мен бейнелер және стильдер заманауи өнерде қайта қайталанулар арқылы ұлттық жадының қайта жаңғыруына себеп болды.

Тәуелсіздік алған уақыт ширегіндегі дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнер өзінің негізгі қалыптасқан заман талабына сай. Сондықтан да дәстүрлі өнердегі өрнектер өткен заманнан қазіргі заманға, одан болашаққа ақпараттық тасымалдау миссиясын атқарады деп танылды. Заманауи сәндік-қолданбалы өнерде кең көрініс тапқан қазақ ою-өрнегінің классификациясына кіре бермейтін, стильденген, сюжетті образды бейнелер және дәстүрлі оюдың ерекшеліктері көркем туындаларға талдаумен түсіндірілді.

Ғылыми ізденуші Еспенова Айгерім Тұрсыновнаның «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу барысында бірнеше мақалалары жарық көрді және апробациядан өтті. Зерттеу

жұмысында қол жеткізген нәтижелердің негізінде қазақ сәндік-қолданбалы өнерге теориялық негіздер жасалды, практик суретшілердің бағыты айқындалды және ғылыми зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы өнертанушылар мен практик суретшілер үшін маңыздылығы заманау қажеттіліктен туындағаны зертте ужүмісінің кезек құттірмейтін құнды еңбегі деп танылды.

Ізденуші «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» докторлық диссертациясының алдына қойған мақсатты толық орындан шықты. Диссертациялық жұмыста сәндік-қолданбалы өнердің бағыты, дәстүрлі көркем тілдің заманауи интерпретациялануы, жаңа заманауи жас суретшілердің аттарын және заманауи көркем бағыттың болашағын айқындал анықтап берді.

Ізденуші Еспенова Айгерім Тұрсыновнаның «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» деп аталатын 6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясы Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 6D041600 Диссертациялық кеңесінде қорғауға ұсыныс жасаймын.

### Ғылыми кеңесші:

Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының мәнгерушісі, профессор, философия ғылымының кандидаты

  
К.С. Оразкулова

